

4-апта
Дәріс № 7-8
Анкета әдісі

1. Анкета әдісі туралы
2. Анкетаны дайындау және жүргізу

Анкета – жалпы әлеуметтік ғылымдарда, әсіресе қолданбалы лингвистикада кең таралған деректер жинау құралдарының бірі. Анкета - зерттеушінің қатысуынсыз пайдалануға болатын, құрылымдалған, көбінесе сандық деректерді ұсынатын және талдауға салыстырмалы түрде оңай болатын сауалнама кезінде ақпаратты жинауға арналған кеңінен қолданылатын және пайдалы құрал болып табылады (Уилсон және Маклин, 1994 кітапта Cohen, Louis Research methods in education/Louis Cohen, Lawrence Manion, and Keith Morrison.—5th ed.). Ерекше назар аударатын нәрсе, астын әдейі сыздым, сауалнама кезінде қолданылатын. Сондықтан О Лириде анкета сауалнаманың ішінде қарастырылады. Ғалым сауалнама процесінің 5 кезеңін айтап отырып, соның «сауалнама құралын дамыту» кезеңіне Developing Your Questionnaire деп атап анкетаны қарастырады.

Анкеталардың белгілі бір құрылымы болады. Құрылымдық жағынан анкеталар әдетте екі бөлімнен тұрады. Әдетте қатысушылардың жынысы, жас тобы, ұлты және т.б. сияқты демографиялық ақпараты туралы деректерді жинауға арналған бөлім болады, сондай-ақ зерттеу нысаны (қарым-қатынасы) болып табылатын құрылым туралы ақпаратты (мотивация, стратегиялар және т.б.) анықтайтын бір немесе бірнеше басқа бөлімдерді қамтиды. Әдетте анкеталардың демографиялық бөлімінде респонденттер категориялар арасынан таңдай алады. - Обычно в демографическом разделе вопросников респонденты могут выбирать из категорий. Анкетаның негізгі бөлігінде ашық және жабық сұрақтарды қолдануға болады, дегенмен жабық сұрақтар жиі кездеседі. Әрбір жабық сұрақ қатысушылардың таңдауы үшін сәйкес жауаптары бар мәлімдеме немесе сұрақ болып табылады. Лайкерт шкаласының элементтері бар анкеталар қолданбалы лингвистика зерттеулерінде жиі кездеседі. Зерттеушілер өз анкетасын жасай алады немесе алдын ала жасалған анкетаны пайдалана алады.

Анкетаны құрастыруды бірден бастауға болмайды. Құрастыру сатысына зерттеуші алдын ала бірқатар жұмыстарды атап айтқанда, жоспарлау, кеңесу және нақты нені анықтағыңыз келетінін шешіп алу жұмыстарын жасап алғаннан кейін ғана кірісесіз. «Мақсаты қандай болса да, сізге қажетті ақпаратты беретін, сіздің респонденттеріңіз үшін қолайлы болатын және талдау мен түсіндіру кезеңінде ешқандай проблемалар тудырмайтын, жақсы әзірленген анкета дайындау қажет» - дейді Белл мен Джудс.

Анкеталар негізінен Word құжатында немесе Интернеттегі арнайы бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалады. Мысалы, жиі қолданылатын Survey Monkey сауалнамасында анкеталар толтыруға болады. Қайсысын қолдансаңыз да, арнайы бағдарламаны қолданып жасасаңыз да, шынымен жақсы анкеталар жасау қиын. Анкета дайындау процесс деуге болады, оның бірнеше сатылары бар: сұрақтарды таңдау, сұрақтарды жазу, анкеталарды рәсімдеу, пилоттық кезеңі, анкеталарды тарату және қайтарып алу. Осы аталған сатылардың бәрінде тәртіп қажет дейді зерттеушілер. Сондай-ақ жауаптарды қалай талдауға болады деген сұрақты анкеталар жіберілгеннен немесе оларды қайтарып алғаннан кейін емес, жобалау кезеңінде ойлану керек. Survey Monkey (www.surveymonkey.com) - ең танымал және жан-жақты онлайн-анкета және сауалнама құралы, 2014 жылы күн сайын 1 миллионнан астам анкеталар онлайн режимінде жасалған және әлем бойынша 16 миллионнан астам қолданушысы болған. Тегін нұсқасы 100 сағаттық жобаларға жеткілікті, егер зерттеулер сандық мәліметтерге көп тәуелді болмаса, көптеген PhD диссертациялар үшін де жеткілікті. Анкеталар поштамен біріктірілген, сондықтан сіз анкета Monkey шаблонна респонденттердің электрондық пошта мекен-жайларын қосып, «жіберу» батырмасын басуыңыз керек. Сіз жауаптарды қадағалап, нәтижелерді графикалық түрде

көрсете аласыз, бұл сіздің нәтижелеріңізді зерттеу есебінде кәсіби түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Анкетаның пилоттық сатысы. Анкетаны таратпастан бұрын барлық сұрақтар мен нұсқаулықтар анық па, соны тексеру үшін, респонденттердің тесті аяқтауға қанша уақыт кететінін білу үшін, керек емес нәрселерді алып тастау үшін пилоттық кезеңінен өтуге кеңес береді. Егер де сіз анкетаны эл пошта немесе Survey Monkey онлайн арқылы жіберуді мақсат еткен болсаңыз, пилоттық еріктілерге де солай жіберіңіз. Яғни тарату құралы бірдей болуы керек. Сонда сіз тарату және қайтарып алу әдісінде қандай да бір проблемалар болса, білетін боласыз. Еріктілерден мынаны сұраңыз:

1. Анкетаны аяқтауға қанша уақытыңыз кетті?
2. Нұсқаулар түсінікті болды ма?
3. Сұрақтардың түсініксізі немесе анық еместігі (ambiguous/двусмысленный) болды ма? Егер болса қайсысы және неліктен?
4. Сіздің ойыңызша қандай да бір негізгі тақырып түсіп қалды ма?
5. Сауалнаманың макеті айқын / тартымды болды ма?
6. Қандай да бір пікіріңіз?

Олардың жауаптары анкетаны қайта қарауға және егер керек болған жағдайда оны өзгертуге мүмкіндік береді. Дизайн мен презентацияның жақсы стандартына жету үшін сізге біраз уақыт қажет болады, бірақ егер дайындық сапалы болса, бұл сізге талдау кезеңіндегі жұмыс уақытыңызды, тіпті апталарыңызды үнемдейді.

Анкетаны тарату және қайтару.

Сіздің жетекшіңізден, сіздің мекеменің ғылыми-зерттеу комитетінен, этика комитетінен және студенттердің тақырыптарын, жоба жоспарларын және мәліметтерді жинаудың ұсынылған әдістерін мұқият тексеруге жауапты кез-келген басқа органнан рұқсат алмастан сіз ешқандай жағдайда анкеталарды тарата алмайсыз.

Анкеталарды таратудың да өз ерекшеліктері бар. Респонденттерге өз қолыңызбен анкета берудің артықшылықтары бар. Сіз зерттеудің мақсатын түсіндіре аласыз, кейбір жағдайларда анкетаны дәл сол жерде толтырып аяқтауға болады. Егер сіз жеке байланыс орната алсаңыз, сіз ынтымақтастықты жақсартып түсесіз, бірақ ол егер мүмкін болмаса, оны таратудың басқа жолдарын зерттеуіңіз керек. Кейде ішкі пошталық жүйелер арқылы таратуға рұқсат алуға болады, бірақ сіз респонденттердің жеке электрондық пошта мекен-жайларын қолданатын шығарсыз. Егер сіз Survey Monkey қолдансаңыз, ол сіздің сауалнамаларыңызды осылай таратады. Егер осылардың бәрінен ештеңе шықпаса, сізге көшірмелерді поштамен жіберуге тура келуі мүмкін, бірақ пошталық сауалнамалар қымбат және жауап беру деңгейі төмен, сондықтан сіз потенциалды респонденттермен басқа тәсілмен байланысу мүмкін болмаған жағдайда ғана пошта арқылы таратуға жүгінгіңіз келеді.


Зерттеуші мен қатысушыларға қолжетімді мүмкіндіктерге байланысты қағаз және веб-сауалнамалар қолданылады. Дегенмен, веб-сауалнаманың қағазға қарағанда біршама артықшылығы бар. Бұл артықшылықтар сауалнаманы кеңірек және үлкен үлгіге басқару және деректерді SPSS сияқты статистикалық бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламаларына тікелей тасымалдау мүмкіндігін қамтиды. Бұл соңғы артықшылық өте маңызды, өйткені ол шамадан тыс еңбекті болдырмайды (деректерді жеке сауалнамалардан статистикалық бағдарламалық құралға көшіру) және одан да маңыздысы, деректерді беру кезінде мүмкін болатын қателерді болдырмайды, нәтижесінде деректерді жазу мен талдаудың сенімділігі жоғары болады.

Анкеталар не? қайда? қашан? қалай? деген сұрақтарға жауап береді, бірақ неге? не себепті? деген сұрақтың жауабын анкета/сауалнама арқылы алу қиын дейді зерттеушілер. Себеп-салдарлық қатынастар анкета/сауалнама әдісі арқылы өте сирек дәлелденеді. Сауалнама негізінен фактіні табуды басты назарда ұстайды, егер сауалнама құрылымы жақсы құрылған болса, сауалнама ақпарат алудың арзан әрі жылдам құралы болып


саналады, әсіресе онлайн сауалнама мен емейл арқылы сауалнаманы жіберу оңай әрі қаражатты талап етпейтін түрі.

Example Likert Scale


1. Wikipedia has a user friendly interface.




2. Wikipedia is usually my first resource for research.



3. Wikipedia pages generally have good images.



4. Wikipedia allows users to upload pictures easily.



5. Wikipedia has a pleasing color scheme.

